

«Ұстаздар күні» мерекесіне ұйымдастырылған іс-шаралар

## АНЫҚТАМАСЫ

№67 гимназияның жоғары сынып оқушылары «Ұстазыма алғыс» қалалық челленджін қолдап, өздерінің жылы лебіздерін бейнематериалға түсіріп, «Ұстазым» өлеңінің шырқап, ұлағатты ұстаздарыңа алғысын білдірді.



Атаулы мерекенің қарсаңында «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен мектеп белсенділері гимназия директоры Г. А. Абдрамановадан, директордың оқу ісі орынбасары С. С. Абылқасовадан, директордың тәрбие ісі орынбасары Г. Б. Оналбаевадан интервью алып, «Ұстаз – ұлы тұлға» бейнеқұттықтауын дайындады.





**Құрметті №67  
гимназия ұстаздары!**

*Сіздерді қазан айында аталып өтетін Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жандүниесін нұrlандырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. «Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны»... Иә, бұл мектеп мұғалімі — ұстазға арналған теңеулер. Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз.*

**Тілек білдіруші: "Жас Ұлан" өзін-өзі басқару ұйымы**

Педагог-ұйымдастырушы:

А.К.Молдахметова